

МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН, АЯУЛЫ АНАЛАР МЕН АРУЛАР!

АМАНКЕЛДІ



Аудандық апталық газет

1935 жылғы 15 маусымнан бастап шығады

арайы

e-mail: amangeldy-arai@mail.ru ■ http://baq.kz/kk/regional_media/media/224

СІЗДЕРГЕ БАРЛЫҚ ЖАҚСЫЛЫҚТЫ ТІЛЕЙМІЗ!

Жансұлтан ТАУКЕНОВ,
Аманкелді ауданының әкімі

Құрметті ақ жаулықты әжелер, ардақты аналар, қаракөз қарындастар!

Сіздерді Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.

8 наурыз – аяулы аналарға тән әсемдік пен сұлулықтың, күллі әлемге шуақ шашқан мейірімнің мерекесі.

Бұл мереке жалпы адамзатқа әйел затының отбасындағы ролін айқаттып қана қоймай, олардың қоғамдық өмірдегі белсенді қызметін көрсетеді. Бүгінгі күні қоғамымызда Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз арқылы жасалып жатқан бар игілік пен жақсылық еліміздің баянды болашағының кепілі деуге толық негіз бар.

Қазақ халқында «Отан – отбасынан басталады» деген қанатты сөз бар. Ал, отбасының ұйытқысы да, берекесі де әйел заты. Қай қоғамда болмасын, ұрпақ өсіріп, ұлт тәрбиелеуде аналардың алар орны айрықша. Себебі, әйел-ана, жанұяның алтын дінгегі, тыныштық пен сәттіліктің кепілі.

Әйелдің мейірімі мен жан шуағы әр уақытта кез келген қиындықты жеңуге көмектеседі, қоғамда биік адамгершілік құндылықтардың сақталуына ықпал етеді.

Қымбатты ханымдар!

Сіздерге биылғы жылы да қуанышы мен қызығын ала келген төл мерекелеріңізді шат-шадыман көңіл күймен қарсы алып, құшақтарыңыз гүлге толсын деген жүрекжарды тілегімді білдіремін. Баршаңызға мереке қайырлы, құтты болсын! Әрбір шаңыраққа шаттық пен бақыт, отбасының аманшылығын, еліміздің өсіп-өркендей беруін тілеймін.



Әділ САМАТОВ,
Аманкелді аудандық мәслихатының хатшысы

Құрметті ақ жаулықты асыл аналар, апа-қарындастар, ару қыздар!

8 наурыз - ер азаматтардың назарынан тыс қалмайтын мерекелердің бірі. Осы күнді ақ шашты қариядан бастап жас жеткіншіктерге дейін асыға күтеді. Бұл күн – отбасы берекесі мек ұйтқысы болып табылатын біздің аналарымыз, жарымыз, апаларымыз бен қыздарымызға жарқын көңіл мен жақсылық тілейтін күн. Сіздер өздеріңіздің ізеттіліктеріңізбен, сыпайлықтарыңызбен өмірді шуақтандырып, жақындарыңыз бен туыстарыңызға жылу сыйлайсыздар.

Әлемде нәрестеге өмір сыйлап, оны алғашқы қадам басуға үйрететін қасиеттеріңізге тең келер нәрсе жоқ. Сіздердің төзімділіктеріңіз бен махаббаттарыңызға алғысымыз шексіз.

Біздің қазіргі қоғамымызда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттің өмірге және саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Сондықтан біздің елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша маңыз берілді.

Сіздерді көктемгі мерекелеріңізбен құттықтай отырып, әрдайым әдемі, жылы жүректі аналық абыройлы атақтарыңыз биіктей берсін. Зор денсаулық, мәңгі жастық пен сұлулық тілеймін

Аяласақ - ардақты аналарды аялайық

АРДАҚТЫ АНА, АСЫЛ ӘЖЕ «БАТЫР АНА», «АЛТЫН АЛҚА» ИЕГЕРІ НАҒИМА БИҒАЛИҚЫЗЫ МҰСАКЕЛІНІ ТУРАЛЫ СӨЗ



Қаймағы бұзылмаған қазақы ауылда туып, қазақы тәлім-тәрбие алып өскен Нағима Биғалиқызы келімі келген, иба-инабаты мол кісі. 19 жасында 1960 жылы ауданымыздың азаматы Фазыл Мұсаұлымен көңіл жарастырып, отау тіккеннен бері сол шаңырақтың құт-берекесі болып келеді. **Нағима апа 10 баланы өмірге әкелген.** Ең үлкені - Мұрат, осыдан бірер жыл бұрын қайтыс болды. Одан кейін Болат, Гүлнар, Талғат, Жалғас, Гүлжан, Гүлшат, Дастан, Ләззат, Гүлім атты балалары бар. **Осы ұл-қыздарынан 26 немере, 2 шөбере сүйіп отырған бақытты жан.** Асып-саспайтын, сабыр иесі Нағима апа жиырма жыл аудандық орталық ауруханада кассир болып қызмет жасапты. Одан кейін аудандық банкте он бес жыл бойына касса менгеруші болып тиянақты жұмыс жасаған. Осы жерден зейнеткерлікке шыққан. Ері Фазыл Мұсаұлы болса аудандық банкте жиырма бес жыл бас

бухгалтер болған. Одан кейін аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында экономист болып қызмет істеген. Апай құдай қосқан қосағы Фазекенді ризалықпен еске алады.

- Ағаң өте сабырлы, көп сөйлемейтін, ісіне мығым, отбасына, қызмет істеген ұжымына, ағайын-туысқа жайлы азамат еді. Өткен, өмірден сәл ертерек кетті. 1936 жылы туған ғой, 1987 жылы 50 жастан аса бере дүниеден өтті. Шүкір, балалары жаман болған жоқ. Тұңғышымыз Мұрат - әкесінің жолын қуып, аудандық банкте тұрақтап жұмыс істеді.

Ал Болатымыз – ауданымыздың белгілі спортшысы. Аудандық дене тәрбиесі және спорт бөлімін көп жылдардан бері басқарып келеді. Гүлнар, Гүлжан, Гүлшатымыз – әке жолын қуған бухгалтерлер, Талғатымыз бен Жалғасымыз – кәсіпкер.

(Жалғасы 2-бетте.)



ҚЫЫНДЫҚТАН ҚАЙЫСТАҒАН ҚАРИЯ ОН САУСАҒЫНАН ӨНЕР ПАМҒАН ТЫЛ ЖӘНЕ ЕҢБЕК АРДАҒЕРІ ЗЕЙНЕЛҒАРАП ӘЖЕ ТУРАЛЫ СӨЗ



«Жұмақ – ананың табанының астында» деген ұлағатты атам Қазақ текке айтпаған. Сұрапыл соғыс жылдары майданға кеткен азаматтардың орнын жоқтатпай, ересектермен бірге еңбек етіп, жауынгерлерге қолғап, шұлық тоқып, жеңісті жақындатуға аз да болса үлес қосқан кешегі 10 жастағы қаршадай қыз бүгінде сексеннің сегізінше шығып отырған «Алтын алқалы» ана, ұрпақтың амандығын тілеген ауялы әже! Зейнелғарап әженің өмірден түйгені мол, өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу, зерек әңгімесі естіген жанға тағылым шежіре болмақ. Бүгінгі әңгіме Қарасу ауылдық округінің ең жасы үлкен, тыл ардагері, ардақты ана Зейнелғарап Мұқыш келіні туралы болмақ.

Ол кісі 1929 жылы Қарасу ауылдық округіне қарасты Ағайдар ауылының Нұржан өткелінде туған. Әкесі ауылдың мал дәрігері болған. Шешесі қарапайым шаруа адамы. Зейнелғарап апа Ағайдар ауылының 7 сыныптық Жасбуын мектебінің 2-3 сыныбында оқып жүргенде 1941 жылы 22 маусымда сұрапыл соғыс басталды. Зейнелғарап әже «Әкем мен ауылдың ер азаматтары 1942 жылы соғысқа кетті, соңында еңіреп біз қалдық. Осы кез әлі де есімнен кетпейді. Мойнымызға ауыр бейнеттің жүгі түсті. Сонда да мойымай ауылда қалған аналар, балалар қолхозда жастаймыздың қолымызға қол орақ алып, қамыс, шөп, егін ордық. Мектепке барып соғыстағы азаматтарға жылы жасап жүр. Бәрі де өмірден өз орындарын алған. Балалы-шағалы. Бала жақсы болса – ата-ананың көңілі қуанышқа кенеледі. Ал баласы өмірден орнын таппаса ата-ана қиналады. Осылардың бәрін саралай келгенде мен құдай берген бақытты аналардың бірімін. Құдаларым да, күйеубалаларым да өзіміз секілді қарапайым да инабатты жандар. Сыйластығымыз, туыстығымыз жақсы деңгейде. Күн сайын Алладан осы татулығымызға тіл тимесін деп отырамын. Адам баласы өмірге тоймайды ғой. Бүгінде 2 шөбере сүйсем, енді Алла қаласа шөпшек сүйсем деген ниетім бар. Онымды бір Жаратушының өзі біледі. Ағайын-туыспен, ілік-жекжаттармен араласуымыз қалыпты жағдайда. Туып-өскен ауданымыздың, Қостанай мен Қазақстанымыздың өсіп-өркендей беруін тілеп отыратын ананың бірімін.

Қазір жастардың өмірден орындарын алуына мүмкіндік мол. Ерінбеген жас кәсіп істеп, өзіне де, еліне де пайда келтіруі керек. Мен балаларыма ылғи осыны айтатынымын. Сол айтқанымды орындап, кәсіппен айналысып жүрген балаларым жақсы нәтижелерге қол жеткізуде, - дейді Нағима апай.

Бұл кісінің бойынан аяулы анаға тән асыл қасиеттердің бәрін көруге болады. Ең бастысы қалыптан айнымайтын, қуанса да, қиналса да өзін ұстай білетін, берекелі, халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрпын жақсы меңгерген, көңілі марқайса тасымайтын, көңілі түссе жасымайтын төзімді, көнтерлі кісі. Осы қасиеті оның балаларының да бойына дарыған. Қай баласы да анасы мен әкесінен алған тәлім-тәрбиеге сай болып өскен.

Мусиндер әулеті - бүгінде алып бәйтеректей қанат жайып, көбейіп, көркейіп отырған әулет. Олардың ынтымақ-бірлігінің



әкетіп, соғыстағы майдангерлерге жеткізіп тұрды. Осындай өмірді де бастан кешіп, 14-15 жасымызда қара шаруада тылда еңбек еттік. 1945 жылы әйтеуір жүрегімізді ауыртқан қанды соғыс бітіп, әкем әскерден аман – есен оралды. Елге келген соң бұрынғы кәсібі мал дәрігері болды. Соғыстан кейінгі жылдардың да ауырпалығы халыққа толы болды. Әр заманның өзіне тән қызығы мен шыжығы болады. Бір ғана өзгермейтіні – ол адам жанының байлығы ғой. Әр адам еңбекке ұмтылып, белгілі бір жетістікке жетуі керек. 1949 жылы мұғалімдік училище бітіріп келген Мұқышев Абдрахманға бас қостым. Абдрахман өзі де 1942 жылы жастайынан соғысқа қатысып, 1947 жылы иегінен жараланып келген соғыс ардагері еді. Омырауы орденге толған жігіт болған. Ол совхозда партия және жұмысшы кәсіподақ және мектепте мұғалім болып қызмет атқарды. Өзім мектепте еден жуушы болдым. Ол кезде де бізді совхоздың

қыстақтағы қойшыларға шөп салысу, қамыс, тал қиып, малдарға шөп ұстау жұмыстарына апарды. Жолдасым екеуміз мойнымызға түскен ауыртпалықты бірге көтердік. Шүкіршілік, асып-тасып кетпегенмен, біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей ғұмыр кештік.

1985 жылы зейнеткерлікке шықсамда совхозда 6 жыл еңбек еттім. Осы жылы жолдасым екеуміз бірге зейнеткерлікке шыққанымызды жылқы сойып, интернатта атап өттік. 1987 жылы Әбсадық директордың тұсында қара сабын қажет дегенде жолдасым мені айтыпты. Мен сол 54 келі қара сабынды былғап, базарға тапсырдым. Бұл сабын емдік қасиеті бар Алабұтқа шөбін өртеп, күлінен сахар алынып, жасалынады. Ақысына 3 тонна көмір алдым. Ол да бір кезең еді. Көп жыл ұзамай жолдасым 65 жасында қан қысымы көтеріліп, көз жұмды. 1992 жылы совхоздың 20 биесін сауып, балдай қымызды Аманкелді

орталығына тапсырып отырдым. Сол кездегі мектептің мерекелік іс-шараларына жақсы ат салысамыз. Сайысқа қатысып «Берекелі жанұя» атағын алдым. Осы жылы Құрылтайдың бірінші басталғандағы тойы Құлтай тамының қасына көп кигіз үйлер тігіліп, көптеген облыстардан келген қонақтарды күттік. Бұған қазақтың ұлттық тағамдарының түрлерін жасап. Өзіміз жаулық салып, тағымдарымызды тағып, қазақша киім киіп шықтық. Тағы бір той Имановқа қарасты Байдаулет деген жерде жылда шопандар тойы болатын. Оған да көптеген кигіз үйлер тігіліп, жер-жерден әкімдер келетін. Оған да қымызымызды сапырып біздің совхоздың атынан баратынбыз. 1994-95 жылдары совхозға 8 қанатты кигіз үйдің 23 ақ кигіздерін ауыл әйелдері басып шығардық. Екі құлашты кілемнің жібін иіріп, бояп марқұм Балкен мен Гүлсім тоқып еді. Осы жылы қиыншылық болып 17 қара текемет басып азық-түлікке айырбастап, совхоз жұмыскерлеріне берген еді. Осы өмірімде жақсылықты да, жамандықты да, қуаныш-қызықты да, қайғыны да көрдім. Жоқшылықты да бастан саудық. Осындай шаруа да жүріп дүниеге 4 қыз, 6 ұл дүниеге әкеліп тәрбиелеп, қатарға қостым. Панасыз қалған әке-шешесі ерте қайтқан жетім 4 баланы үй болуына көмектестім. Қазіргі уақытта балаларым білімдерін алып әртүрлі салада қызмет етуде. Балаларымнан 33 немере, 24 шөбере сүйіп отырмын. Қазіргі таңда кенже баламның қолындамын, немерелерімді әлі де бағудамын.

Жастарға айтарым тәрбие ешкімге ауыр болмайды. Өнерді үйренде жиірен деп осы басымнан өткен бейнетке төзімді болдық. Жасым 86 келді. Осы жасқа келіп, таяқсыз жүргенім бата мен алғыстың арқасы шығар.

Гүлнар МҰЗДАХАНОВА,
«АА» газетінің қоғамдық
тілшісі,
Қарасу ауылдық округі.

Ақын ана жырлайды

АНАЛАР МЕРЕКЕСІНЕ



Көктемнің ең алғашқы мерекесі, Аналар – құрметтеген ел еркесі. Бар сұлулық бойынан табылатын, Жарық дүние-тіршілік берекесі.

Жиналған мерекеге аналарым, Игерген талай еңбек салаларын. Ынтымақ, сыйластықты сактап әркез, Ерен ер еңбегімен дараландың.

Ұлылық жоқ асатын анадан, Бар әсемдік сол анадан тараған. Сәнді өмір, денсаулықты тілейміз, Аналарға күн нұрына – балаған.

Мерейлі мерекелі күндеріңмен, Бұлақтай сылдыр қаққан үндеріңмен. Арайлы атқан таңда шаттаныңдар, Халқыңның ыстық сезім тілегімен.

Ылайым, тиыш, бейбіт болсын заман, Азамат ел басқарған болсын аман! Ауданым, көркейіп те гүлденуде. Иншалла, алға қарай бассын қадам.

ТІЛЕГІМ

Жүрекжарды арналады тілегім, Аналардың амандығын тіледім. Ардақты жан - бір өзіңсің аналар, Барлық әлем мұны жақсы біледі.

Ақ сүт беріп, аялаған баласын, Махаббат пен мейірім төккен анасын. Мандайынан «құлыным» деп сипаған, Мұндай жанды қайдан іздеп табасың?!

Жүзіңізден шуақ нұры төгілген, Әлдилейсің жүрепкең жыр өрілген. Тербетілген талбесікте бөбегің, Еңбектің де орын алдың төрінен.

Батыр туған, ақын туған - анадан, Дәрігер мен әкім туған - анадан. Қалай ғана айналып бір кетпессің, Барлық адам туған - асыл анадан.

СОҒЫС АРДАҒЕРЛЕРІНЕ

Бас иіп, ардагерлер сәлем берем, Көрсеткен жолдарыңмен жүріп келем. Мереке қызық-дұман шаттығына, Арнаймын өздеріне бүгін өлең.

Қасық қаны қалғанша арпалысқан, Тап бергенде беймізгіл фашист-дұшпан. Соккы беріп жауына жан аямай, Ауыр күнді өткіздің бәрің бастан.

Қансыраған оққа ұшып есіл ерім, Тірі оралып көре алмай туған жерім. Қандай жерде қалдың-ау қайран боздақ, Еске алады сендерді бүкіл елін.

Сұрапыл соғыс өрттің дауылында, Ардагерлер көзбен көрт қауымы да. Оралып аман-есен елін қорғап, Бейбіт өмір сыйлады ауылына.

Аталар, сендерсіңдер әперген де, Соғыстың қиындығын өткерген де. Береке, ынтымақ пен ырыс-байлық, Мамыражай бақытқа жеткерген де.

Көтеріп шаңырақты бердің сайлап, Уықты халқым шаңшып келет жайлап. Керегем, ынтымақты ел, бірлік-достық, Төбемде желбірейді мәңгі байрақ.

Жерімде ел ырысы тасып жатыр, Атағы шет елдерге асып жатыр. Атырап арайлы таң, шұғылалы күн, Шуағын бейбіт елге шашып жатыр.

Тәуелсіз егеменді бейбіт заман, Елімде аталарым болшы аман. Тілеймін ұзақ өмір ардагерлер, Бақытты отбасылық өмір саған.

Төлеутай ҚҰТЖАНҚЫЗЫ.
еңбек ардагері, «Октябрь Революциясы» және
«Құрмет Белгісі» ордендері мен «Күміс алқа»
төбелгісінің иегері және бірнеше медальдар
мен республикалық, облыстық Құрмет
Грамоталарымен, Баласының Алғыс Хатымен
марапатталған зейнеткер.

АРДАҚТЫ АНА, АСЫЛ ӘЖЕ «БАТЫР АНА», «АЛТЫН АЛҚА» ИЕГЕРІ НАҒИМА БИҒАЛИҚЫЗЫ МҰСАКЕЛІНІ ТУРАЛЫ СӨЗ

Дастанымыз – аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінде бас маман, Ләззатымыз – Арқалық қаласында электр жүйесінде, Гүліміміз – ауданымыздағы Б.Алтынсарин атындағы орта мектепте ағылшын пәнінің мұғалімі болып жемісті қызмет жасап жүр. Бәрі де өмірден өз орындарын алған. Балалы-шағалы.

Бала жақсы болса – ата-ананың көңілі қуанышқа кенеледі. Ал баласы өмірден орнын таппаса ата-ана қиналады. Осылардың бәрін саралай келгенде мен құдай берген бақытты аналардың бірімін. Құдаларым да, күйеубалаларым да өзіміз секілді қарапайым да инабатты жандар. Сыйластығымыз, туыстығымыз жақсы деңгейде. Күн сайын Алладан осы татулығымызға тіл тимесін деп отырамын. Адам баласы өмірге тоймайды ғой. Бүгінде 2 шөбере сүйсем, енді Алла қаласа шөпшек сүйсем деген ниетім бар. Онымды бір Жаратушының өзі біледі. Ағайын-туыспен, ілік-жекжаттармен араласуымыз қалыпты жағдайда. Туып-өскен ауданымыздың, Қостанай мен Қазақстанымыздың өсіп-өркендей беруін тілеп отыратын ананың бірімін.

Қазір жастардың өмірден орындарын алуына мүмкіндік мол. Ерінбеген жас кәсіп істеп, өзіне де, еліне де пайда келтіруі керек. Мен балаларыма ылғи осыны айтатынымын. Сол айтқанымды орындап, кәсіппен айналысып жүрген балаларым жақсы нәтижелерге қол жеткізуде, - дейді Нағима апай.

Бұл кісінің бойынан аяулы анаға тән асыл қасиеттердің бәрін көруге болады. Ең бастысы қалыптан айнымайтын, қуанса да, қиналса да өзін ұстай білетін, берекелі, халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрпын жақсы меңгерген, көңілі марқайса тасымайтын, көңілі түссе жасымайтын төзімді, көнтерлі кісі. Осы қасиеті оның балаларының да бойына дарыған. Қай баласы да анасы мен әкесінен алған тәлім-тәрбиеге сай болып өскен.

Мусиндер әулеті - бүгінде алып бәйтеректей қанат жайып, көбейіп, көркейіп отырған әулет. Олардың ынтымақ-бірлігінің

туыстығы мен сыйластығының артуына Нағима апайдың ықпалы зор. Ол дастархан басында болсын, ағайын арасында болсын «Береке – бірлікте, бірліксіз – береке болмайды, ынтымақсыз іс алға баспайды» деп отырады.

Апай қазіргі күні Дастан деген баласының қолында. Болат бастаған балалары аналарына сәулетті етіп үй салып берген. Іші - кірсе-шыққысыз. Сол сияқты олар бірігіп әр қайсысының үйлеріне де бүгінгі өркениетті уақыт талабына сай сөзжөндеу жасап, сырты мен ішін сай етіп көркейтіп қойған. Мусиндердің қолдары алтын. Бірігіп кеткенде талай шаруаны жасай алады. Бәрі де шебер құрылысшы.

Нағима Мұсакеліні - бүгінде Еламан әулетіндегі жасы үлкен ардақты әженің бірі болып отыр. Бұл үлкен жауапкершілік екенін ол кісі жақсы түсінеді. Сондықтан да, кейінгі абысындары мен барлық келіндерінің тату-тәтті, ынтымақ-бірлікте болуына ерекше мән береді. Сол сияқты, осы әулеттің, соның ішінде Мұса ата-сынан тарайтын қыздардың да бірлігіне, ынтымағына жіті көңіл аударады. Ағайын-туысқа да, аудан халқына да, өз замандастары арасында да сыйлы, құрметті. Осы өмірінде ешкіммен жүз шайысып көрмеңгі.

Әйелдер мерекесі қарсаңында 74 жасқа толғалы отырған Нағима апа ауданымыздың мақтан тұтатын аналарының бірі. Ол бұл абыройға отбасының берекесін келтірумен, өмірге он бала әкеліп, соларды мәпелеп бағып-өсіріп жеткізумен, ата-енесін сыйлаумен, көрші-көлем мен ағайын-туысты құрметтей білумен бөленіп отыр. Бұл кісіні нағыз қазақы ана деп айтсақ еш артықшылығы жоқ.

Сырым СЫҒАЙ

Суретте: «Батыр Ана», «Алтын алқа» иегері, еңбек ардагері, зейнеткер Нағима БИҒАЛИҚЫЗЫ.



ӨМІРЛІК ӨКІНІШ

(әңгіме)

Гүлбаршын СМАЙЫЛОВА

Гүлдерай бүгін күндегісінен ертерек оянды. Ояна салысымен ұшып тұрып, терезеден далаға қарады. Дала тып-тынық, үп еткен жел жоқ. Айнала кешегі жауған ақ ұлпа қарға малынып, түннің аязынан шымырлана түсіп, жылт-жылт етіп, көз қариды.

Кенет жүрек тұсы тағы да шым ете түсті. Дәрісін ішіп алды да төсегіне қайта қисайды. «Ой Аллам-ай, мына жүрек тағыда сыр бере бастады ма?» деп күбірледі де көзін жұмды. Сәл уақыт өткенде қайта тұрып, сағатына қарады, сағат тілі 11-ді көрсетіп тұр екен. Гүлдерай жуынып-шайынып, газды тұтатып шай қойды, теледидарды қосты.

Гүлдерайдың бұл күндегі әдеті. Әке-шешесі қайтқаннан кейін жалғыз қалды. Гүлдерай үйдің үлкені әрі жалғыз қызы болды. Сонынан ерген төрт інісі бәрі де үйлі-баранды болып, қызмет бабымен әр жақта тұрып жатыр. Үйдің үлкені, жалғыз қыз болса да қара шаңыраққа ие болып қалып қойды. Оның да себептері бар. Гүлдерай жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейін туып-өскен ауданындағы мектепке мұғалім болып жұмысқа орналасты. Екі беті алмадай, көзі қаракаттай мөлдір, шашы тобықтан түсетін, сәмбі талдай тұл бойында бір міні жоқ сұлу қыз - Гүлдерайға ғашық болмаған жігіт кемде-кем еді. Амал не, Гүлдерай ешкімді менсінбеді. Жұмысына тындырымды, өз ісінің маманы ретінде көзге көріне бастады. Сөйтіп, ол аудандық әкімшілікке қызметке шақырылды. Қызмет бабында сатылап өсе берді. Талай рет аудандық, облыстық мәслихаттарға депутат болып сайланды, қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Бітпейтін іс-сапарлармен, жиналыстармен өмірі өте берді. Ауданның белсенділерінің біріне айналды. Бауырларын оқытты. Содан кейін әке-шешесіне қарайлады. Сөйтіп жылдардың зымырап қалай өтіп кеткенін байқамады. Енді міне, қазіргі таңда зейнеткер. Жападан-жалғыз тұрып жатыр. Телефонмен бауырлары хабарласып тұрады. Олар да шақырудан кенде емес. Бірақ ешкімге тәуелді болып үйренбеген Гүлдерайдың барғысы жоқ.

...Өткен өмірі есіне түссе өкініштен өзегі өртенеді. Қызметтің қызығымен жүріп ештеңе ойламады. Әсіресе өзінің ізінен бір елі қалмай талай жыл ессіз ғашық болған Бабырға да қарамады. Ол жігіттің сұлтаны еді. Спортшы болатын. Отырған жердің гүлі еді. Ән айтқанда жұрттың бәрін ауызына қарататын. Гүлдерайдан басқаны көзіне де ілмеді. Не керек, сөйтіп жүргенде кенеттен кісі қолынан қаза тапты. Бұл қаза Гүлдерайға қатты батты. Енді Гүлдерай сол дүниеден өтіп кеткен Бабырға ғашық болды, Бабырды сүйетінін білді. Жүрегі сыздап, күннен-күнге Бабырға деген махаббаты артып, сағынышы үдей түсті. Оның махаббатына махаббатпен жауап бере алмағанына өзін кінәлаумен болды. Көз алдынан Бабырдың өзіне деген сүйіспеншілікпен айтқан сөздері, қияпатты жүзі кетпей қойды. Оған бір ауыз жылы сөз қайтара алмағанына қатты өкінді. Бұл өкініш жылдар бойы өзегін өртеді. Бірақ бәрі кеш еді...

Бабыр біреудің жалғыз ұлы болатын. Артында әке-шешесі аңырап қалды. Жалғыз ұлының қызығын көре алмады. Артында ізін жалғастыратын тұяқ та қалмады. Бабырдың бар өмірі Гүлдерайдың артынан жүгірумен өтті. Өмір-ай десеңізші...

Гүлдерай оның әке-шешесіне де қарайласып тұрды. Әке-шешесіне қалай қараса, оларға да солай қамқорлық танытты. Қолында билігі болған соң отын-суына, қатты қайырым шаруасын қолына алды. Бабырдың әке-шешесі біраз жылдар бойы жалғыз ұлының қазасын көтере алмай, бірінен кейін бірі бұл дүниеден өтіп кетті

Жылдар жылжып өтіп жатты. Гүлдерай тұрмыс құрмады. Ешкімді көңілі қаламады. Қызметі ғана жанына серік болды. Зейнеткерлік жастың да қалай келіп жеткенін аңғармай да қалды. Бірқалыпты тірлік кешіп, жалғыз тұрып жатыр. Анасы Гүлдерайдың алдағы өміріне қатты алаңдайтын: «Қарағым, бетіңнің қызылы, етіңнің қызуы барда, тұрмысқа шық! Қызмет саған жолдас болмайды. Біз болсақ қартайып келеміз. Інілеріңнің өз өмірлері, өз қызығы бар» деп жиі айтатын. Бірақ Гүлдерай тұрмыс құра алмады. Неге екенін өзі де білмейді. Сөйлескен адамдарға «жок» деп жауап берді. Бұдан кейін оны ешкім де мазалаған жоқ.

Гүлдерайдың көзінен жас парлап кетті. «Қалайша, қалайша мен...» деп күбірлей берді. Өзегін өртеген өксік тамағына тығылып, айқайлап тұрып жылады. Қайта-қайта жастықты ұрғылады. Бір кезде шәйнектің ысқырған дауысын естіп, есін жиды. Жылағандікі ме, біраз жеңілдеп қалыпты. Бір кезде ұялы телефоны да гүілдей жөнелді. Қарап еді «кіші інісі Санжардың туған күнін белгілеп қойған. Соған дабыл беріліп жатыр екен. «Кой, шайымды ішіп алған соң, ертен Санжардың туған күніне барып қайтайын» деп ас үйге беттеді.

Гүлдерай тез жиналып, жолға шықты. Автобустан түсе салысымен Астана поезына билет алды. Поезд жүруге екі сағаттай уақыт бар екен, сыйлық алайын деп дүкендер аралады. Кішкене іні-сіңілілеріне де ойыншықтар алды. Келіні Майраны да ұмытпады. Сөйтіп сумкасын толтырып, поезға жайғасты.

Поездан түсе салысымен таксиге отырып Санжардың үйіне келді. Есіктің қоңырауын басты. Ар жағынан «Кім-әй» деген зілді дауыс естіді. Ақырын ғана «Гүлдераймын ғой» деп еді, есік сырт етіп ашылды. Келіні Майра екен. Көңілсіздеу амандасты да, ас үйге кіріп кетті. Арғы жақтан кішкентай Бану мен Бахтияр жүгіріп шықты. Күн демалыс болғандықтан Санжар үйде екен. «Келетініңді неге айтпадың, машинамен күтіп алатын едік қой» деп жатыр. «Әбігерленбесін дегенім ғой» деп Гүлдерай «туған күніңмен» деп Санжардың бетінен сүйді. Екі кішкентайдың да бетінен сүйді, аяғын шешіп төрге өзды. Жайғасып болған соң сумкасынан Санжарға алған сыйлығын берді. Бану мен Бахтияр да ойыншықтарын алып, тәттіге қарқ болды. Соларға қарап, көңілі жайланып, Майраның сыйлығын беруге ас үйге беттеді. Майра ас үйде кешкі қонақтарға дайындық үстінде екен. Қолы тимей жатқан сынай көрсетіп Гүлдерайға «рахмет» деп аузын жыбырлатты. Гүлдерайдың манағы алып-ұшып келген көңілі су сепкендей болды. Ішінен «Майраға не болды екен» деумен болды

Шай әзірлеп қойған екен, барлығы оны бірге отырып ішті. Санжар ауылдың жаңалығын сұрады. «Қашаңғы ауылда жалғыз тұра бермексің, қалаға кел. Жұмыс та тауып қойдым. Мұнда ішің пыспайды» деді Санжар. Осыны айтқаны сол екен Майраның түрі сұрланып сала берді. Келінінің неге ренжіп жүргенін Гүлдерай енді түсінді. «Жоқ ауылда тұра беремін ғой. Қалада не істеймін, ауылда мені бәрі таниды, сыйлайды», - деді.

Санжар «Ойланарсың» деді де тұрып кетті. Майра да Гүлдерайдың сөзінен кейін жүзі жадырап сала берді. Гүлдерайдың асты-үстіне түсіп, «шай ішіңіз» деп жалпақтап қалды.



Сонымен кешке келетін қонақтарға дайындық басталып кетті. Гүлдерай білегін сыбанып жіберіп, салаттың түр-түрін жасады. Қазанда қайнап жатқан жылқының еті мұрын жарады. Үйдің ішін жинап жуып-жарқыратып тастады. Бір тыным таппады. Кенже інісі болғандықтан ба, Санжарды қатты жақсы көретін. Санжарда әпкесін құрмет тұтатын. «Гүлдерай келген соң үйдің іші толып кетті ғой» деп қояды арасында...

Сонымен кешке Санжардың достары келді. Үйдің іші думанға толып, жақсы тілектер айтылды. Ән шырқалып, би биленді. Гүлдерай да биледі. Кенет жүрек тұсы тағы да шаншып кетті. Ас үйге жүгіріп барып орындыққа отыра кетті. Бұны байқаған Санжар артынан келіп «не болды, бір жерін ауырды ма?» деді. «Жоқ, жай шаршағандікі ғой» деп жауап берді. Ешкімге көрсетпей дәрісін ішіп алды. Сосын балалардың жатын бөлмесіне барып жатып қалды.

Гүлдерай оянса сағат тілі 9-дан кетіп қапты. Үйдің іші тегіс ұйқыда. Әлі ояныпты. Тұрып жуынып-шайынды. Газға шай қойды. Түндегі жуылмай қалған ыдыс-аяқтарды жуды. Қоқыстарды далаға шығарды. Сөйткенше балалар да ояна бастады. Санжар мен Майра да тұрды. Да-стархан басында кешегі туған күн қызықтарын айтып, мәз болысты. «Енді қаланы аралаймыз» деді Санжар. Барлығы жиналып машинаға мінді. Балалардың қуанышында шек жоқ. Санжар үнемі іс-сапарда жүргендіктен балаларды қыдыртуға қолы тие бермейді. Бүгін соның сәті түскен сияқты. Олар күні бой қаланың көрнекі жерлерін аралап, балаларды сырғанаққа мінгізіп, қызыққа батты. Жақсы бір мейрамханадан тамақтанды. Көптен бері үйден шықпай үй күшік болып қалған Гүлдерай да бір сергіп қалды. Астананың аязды ауа-райы да сол қалпы жарқырап тұрды. Сөйтіп кешке мәрә-сәре болып үйге қайтты.

Гүлдерай бір апта болып, армансыз қыдырды. Қаладағы кезінде қызметтес, сыныптас болған құрбыларымен бірге болып, өткен-кеткенді еске түсіріп, бір жасап қалды. Үйдегілердің бәрі жұмыста, бабалар балабақшада болғандықтан үйде жалғыз қалады. Бірақ іші пысқан жоқ. Қаланы аралап, қыдырып қайтады. Тіпті болмаса телефон шалып, сөйлесіп тұрады. Осында келгеннен бері жүзі жайнап, рені кіріп қалды.

Бірақ Гүлдерай келгеннен бері Майра келіннің қабағы кіртіе берді. «Осы үйде тұрып қала ма» деген ой бар сияқты. Санжар болса апасы келгеннен бері көңілі көтеріліп қалды. Апасының ауылда жалғыз тұрып жатқаны қабырғасына батып жүр еді. Оның үстіне оқып, үйленіп, тіпті осы үйді алып берген де Гүлдерай болатын.

Танертенгі шай үстінде Гүлдерай ауылға қайтатын айтты. Санжар «Жата тұрсаңызшы, әпкетай, неге асығасың?» деді. Майра жұлып алғандай «Нен бар, кетем деп отырған адамға» деп дүрсе қоя берді. Санжар үндемей тұрып кетті.

Гүлдерай да киімдерін жиыстырып, қайтуға жиналды. Компьютермен билетті де алып алды. Поезд жүйткіп келеді. Гүлдерай терезеден кең байтақ далаға қарап отыр. Көз алдынан өмірі кино лентасындай өтіп жатты. Көңілі құлазып, жүрегі сыздап қоя берді...

Міне, үйге де келіп жетті. Жауған қар үйдің манайын басып қалыпты. Оппалап, кең қоршалған аулаға кіріп, құлыпты ашып, ішке кірді. Көптен бері от жағылмаған үй қара тастай болып тұр екен. Кезінде әкесінің совхоз директоры болып тұрғанда салғызған хан сарайындай он бөлмелі үйінен кісі бір үзілмейтін. Топырлаған балаға толы үйдің іші жаныңды жадыратар жылы ұя болатын. Енді міне, қаңырап, бос қалған, әрбір бөлмелерінен ызғар шашылып, қабағын түйіп қарсы алып тұрған тәрізді.

Сөмкесін қойып, жаман киімдерін киіп, даладан отын әкеліп, от жақты. Бірнеше күннен бері суып кеткен үй жылынар емес. Шай ішті. Бірақ бойы жылынбады. Үлкен залдың есігін ашып қойды да, кіші залға келіп, креслосына отырып, жамылғыны үстіне жамылып, теледидарды қосты. Қанша отырғаны белгісіз отырған қалпы ұйықтап кетіпті. Оянса үйдің іші алакөлеңкеленіп, кеш батып қалыпты. Теледидардан концерт беріліп жатыр. Мейрамбек Бесбаевтың мұнды әні жүрек шымырлатып, жаралы жанын одан әрі ауырта түскендей. Теледидарды сөндіріп тастағысы келді. Бірақ, орнынан тұрғысы келмеді. Отырған қалпы қалшыып отыра берді. Қаңырап бос тұрған, бірақ, іші қымбат жиһаздарға толы бөлмелер, төбе толы хрусталь шамдар бұған үніліп, тесіліп қарап тұрғандай. Бойын қорқыныш билеп, қанша қозғалғысы келсе де, қозғала алмады. Жүрегі шаншып ауырса да, дәрісін алуға да тұрмады. Ұялы телефоны шырылдаса да жауап бермеді. Жамылғысын қымтаған қалпы мелшиіп отыра берді...



СЕЗІМ СЫРЫ

Әнет ЖҰМАБЕК

Екі жақта жүрміз ғой амал қанша,
Өмірде қосылмаған адам қанша?
Өзің деп жыр жазамын күні-түні,
Жүрегім сағыныштан жарылғанша.

Жібектен сұлу бейнең айнамаған,
Дәл сендей ару қызды қайдан табам.
Жүрегім жылап, өксіп тұрсадағы,
Сыйладың ұлы сезім айнамаған.

Өтсемде тұтқыны боп махаббаттың,
Демеймін сені ойлап мұңға баттым.
Үзуге қалай қиям тұрғаныңда,
Құлпырып гүліндей боп Иран бақтың.

Сүйем деп сүйе алмадың кеттің қалқам,
Алдамшы сезім екен сертің жалған.
Айырылып, жолымыз екі жаққа,
Махаббатты аяусыз еттің талқан.

БАҚЫТСЫЗ МЕН-АҚ БОЛАЙЫН
Жарығымсың күн-айым,
Қалай ғана шыдайын.
Бақытты болсаң болғаны,
Амал жоқ не қылайын.

Өтті сенсіз жыл айым,
Сен жадыра жүр, айым!
Күрсінгенмен не пайда,
Жар болсын саған, Құдайым.

Есіме сені алайын,
Қанағат барға қылайын.
Бақытты болсаң болғаны,
Бақытсыз мен-ақ болайын.

ҚАЙТАДАН КЕЛШІ ҚАЙТАДАН

Ғашық болу-киемет,
Тек қана мұң сыйлайды.
Сағыш деген керемет,
Қимайды жүрек, қимайды.

Ұмыт мені ұмыт деп,
Сүйгенің айтса қайтесің?
Бір ғана жалғыз үмітпен,
Армандаумен өтесің.

Сен болсаң жаным жай табам,
Достарым да байқаған.
Құса боп мұңмен жүргенде,
Қайтадан келші, қайтадан.

Ұшырмашы бағымды,
Бақытым сен деп айта алам,
Қинамашы жанымды,
Қайтадан келші қайтадан.

ШУАҒЫМ ЕДІҢ

Түсімде көрдім, көркінді сенің,
Баурап алдың-ау еркімді менің.
Бойыма қуат, күш қайрат берген,
Аңсаған арман, ақ құсым едің.

Шуағым едің, жыр әнім едің,
Мәңгі сарқылмас бұлағым едің.
Жанымды жырға бөлейтұғын,
Асынған бойға тұмарым едің.

Махабат жалын, жанды да сөнді,
Қырсық шалды да, қар бұлт төнді.
Сөйлесейік деп телефон шалсам,
Көтермейсің бір ұялы телефонды.

Смс жаздым, ақтарып сырды,
Түсіңші мені отырым мұңды.
Жатсам да тұрсам-ойымда сенсің,
Жеткізші сәулем, бір хабарыңды.

САҒЫНЫШ

Көктем келді, жадырап таң-нұр,
Әуел бастан жазылған тағдыр.
Елес болып кеттің, қолым жетпейтін,
Шабыт бер жаным сен шабыттандыр.

Сызылған даусың, күлім деп сіз деп,
Екіге бөлді-ау ызғарлы күз кеп.
Амалым қанша отырмын түнде,
Атыңды теріп, агенттен іздеп.

СЕНЕР МЕ ЕДІҢ, СҮЙКІТІМ?

Сүйем десем - мен сені сенер ме едің,
Бакыт құс болып қолыма келер ме едің.
Пәкпін десем - жаным-ау сенер ме едің,
Сыңарым боп -соңымнан ерер ме едің.
Ойлаймын десем, сезімге сенер ме едің,
Бір сәт болсын мені ойлап көрер ме едің.
Қос аққудай айдында жүзейік десем,
Жүрегінді ұсынып берер ме едің.
Мен сені Қыз Жібекке теңер едім.
Сен үшін қиындыққа көнер едім.
Махаббатың жалындап жана білсе,
Құрбан болып жолыңда өлер едім.
Сенші жаным, сен маған сене берші,
Жанымда ақылшым боп жүре берші.
Сен мен үшін сұлуың баяғыдай,
Сүйгенімді өзінді демеші ерсі.



«НҰР ОТАН» АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XVIII КОНФЕРЕНЦИЯСЫ КОНФЕРЕНЦИЯ ЕЛ ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ КАНДИДАТУРАСЫН БІРАУЫЗДАН ҰСЫНДЫ

2015 жылдың 2 наурызы күні сағат 15-те аудандық «Шұғыла» жастар демалыс орталығында «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының кезектен тыс XVIII конференциясы болып өтті.

Конференцияны аудан әкімі «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ж.Қ.Таукенов ашып, жүргізіп отырды.

Конференцияның күн тәртібі бекітілді. Бұл жөнінде мандат комиссиясының төрағасы Н.С.Ахметов хабарлама жасады.

Сөз Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің директоры Г.А.Алмағанбетовке берілді. Ол Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидат ретінде Н.Ә.Назарбаевты ұсынды. Мұнан соң сөз алған Қ.Әбенев атындағы мәдениет үйінің әдіскері Н.М.Ибышева, А.Иманов мұражайының директоры Н.М.Игіліков, облыстық мәслихаттың депутаты Ш.Темержанова сөз сөйлеп, Қазақстан Республикасы Президентігіне үміткер ретінде олар да Н.Ә.Назарбаевты ұсынды.

Конференция республика Президентігіне Н.Ә.Назарбаевты ұсынуға бірауыздан қаулы қабылдады. Конференцияда Қостанай облыстық филиалының 2015 жылдың 4 наурызында Қостанай қаласында өтетін облыстық филиалының кезектен тыс XX конференциясына Қарасу ауылдық бастауыш партия ұйымының хатшысы Ш.Т.Байдрахманның ұсынуымен 5 делегат сайланды.

Конференция күн тәртібінде қаралған мәселелер жөнінде тиісті қаулылар қабылдады.

Партияның облыстық филиалының XX конференциясына мына төмендегі партия мүшелері делегат болып сайланды.

1. **Ж.Қ.Таукенов** - аудан әкімі, партия филиалының төрағасы.
2. **А.Қ.Ташимов** - партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары.
3. **Ш.Темержанова** - облыстық мәслихаттың депутаты.
4. **Н.М.Ибышева** - Қ.Әбенев атындағы мәдениет үйінің әдіскері.
5. **Қ.Ж.Темірханов** - облыстық телекоммуникациялар торабының басшысы.

Суреттерде: аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов және республика Президентігіне Н.Ә.Назарбаевтың кандидатурасын ұсынған партия мүшелері Н.М.Ибышева, Т.Ш.Байдрахман. Өз тілшіміз.



Соңғы күндері Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрі Әсет Исекешов Қазақстан жұртшылығына отандық өнімдерді кеңінен сатып алуға шақырды. Осы ретте билік басындағылардың тың ұстанымы көңілге жылу ұялатты. Себебі, бұл отандық өнімді шығаратын кәсіпкерлердің орта таптың жай-күйіне бейжай қарамайтын билік пайда бола бастайтын деген сөз.

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп дана бабаларымыз айтпақшы ауданымызда еселі еңбек етіп жүрген жеке кәсіпкерлердің бірі - Бірсейітова Айнагүл Оспанқызы. Алғыс арқаалаған А.Оспанқызы үлгілі отбасылардың бірі. Жолдасы Бірсейітов Қанат оның жұмысын үнемі қолдап, қамқоршы болып жүреді. Екеуі төрт бала өсіріп, жақсы тәрбие беріп, ұл-қыздарын жеткізуде. Тұңғыш ұлы - Батырлан. Ол 23 жаста. Батырлан компьютер тілін жетік меңгеріп, қазіргі таңда Астана қаласында программист болып жұмыс жасайды. 2-ші ұлы Темірлан, ол студент. 3-ші баласы - Сайда. Сайда Қанатқызы - Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін орта мектептің 8-ші сынып оқушысы. Сабақты жақсы оқиды. Өз ортасында сыйлы. Құрбыларымен тату. Кіші қызы Айша - 5 жаста. Айша - Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектепте мектепке дейінгі даярлық сыныбында оқиды. Сынып жетекшісі және мектептегі «Сымбат» би үйірмесінің жетекшісі Жанар Бекенова Айшаны 5 жаста болса да би үйірмесіне қабылдап, балалар биін үйретіп жүр. Айша сонымен қатар әнді де жақсы шырайды. Анасының дәмді торттарын үнемі балаларға айтып, мақтап жүреді.

Айнагүл Оспанқызы 2014-2015 оқу жылында алты мектептің асханасын тендерден ұтып алып, бүгінгі таңда жұмыс жасауда. Атап айтар болсақ: Ы.Алтынсарин атындағы, Б.Қолдасбаев атындағы, Жасбуын, Жаллама, А.Нұрманов атындағы, Бүйректал орта мектептері. Қарамағында оннан астам адам жұмыс істейді. Олардың еңбек ақысын уақытылы төлеп отырады. Қызметкерлері оған дән риза. Сол қызметкерлерінің бірі сонау қиыншылық уақыттан бастап Айнагүл апаймен бірге жүрген Жаңыл Асылбекова:

- Мен 1995-ші жылдан бастап Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте жұмыс жасадым. Айтайын дегенім Айнагүлдің осы кәсіпті бастаған жылдары әлі есімде. 1996-1997-ші жылдар нарықтың ең қиын кезі еді. Жұмыс жасағаныңмен, еңбекақының өзі кейде беріледі, кейде ақшаның ор-

Отандық өнім өндіру - уақыт талабы

КӘСІПКЕР АЙНАГҮЛ



нына бидай, мал алатын кездеріміз де болды. Айнагүл сол жылдары өз мамандығы «акушерлік» болса да күнкөріс үшін үйден тәтті тоқаштар, бәліш пісіріп, бізге сатырып жүрді. Кейде сол өнімдерді сатуға таласып қалатын кездеріміз де болды. Содан біздің мектептің шаруашылық басшысы Көпеев Жұманазар «Осы сендер қандай кісінің өнімдерін таласып сатып жүрсіңдер, көрейінші», - деп Айнагүлдің өзімен сөйлескен екен. Содан Айнагүл Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте асхана ашты.

Міне, сол жылдардан бастап Айнагүл өз жұмысын жете меңгеріп алып кетті. Көпшілікпен жақсы тіл табысқан, қарым-қатынасы сыпайы, ешқандай адаммен айғайласу дегенді білмейді. Жолдасы Бірсейітов Қанат та әрқашан Айнагүлді қолдап отырады. Күнкөріс үшін жұмыс сұрап келген қыз-келіншектердің бетін қайтармай, жұмыс тауып беріп жатады. Кісіге қайырым жасай жүріп, қолдан келген көмектерін аямайды. Төрт бала өсіріп отырған үлгілі, еңбеккер жанұя. Менің өзім жасым үлкен болса да осыбір еңбеккер адамнан үлгі аламын. Сол бір қиыншылығы мол жылдардан бастап, аянбай еңбек етіп келе жатқан жанұяға тек қана жақсы тілегімді айтып, Қанат пен Айнагүлмен бірге әлі де еңбек етіп келемін. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» - демекші Айнагүлдің алға қойған жоспарлары орындалып, жұмыстары жемісті бола берсін демекпін, - деді. Айнагүл Оспанқызы кісі көңіліне қарап, ешкімнің көңілін қалдырмайды. Асылбекова Жаңыл апайымыз айтып кеткендей алдына жұмыс сұрап келген жастарға жұмыс тауып беріп, оларға қамқор болады. Сол жастардың бірі - Серікова Аққу. А.Серікова асханада жұмыс істеп жатқанына екі апта болса да, ол кісі жайлы жақсы пікірде екенін қуанышпен айтып берді.

- Мен Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектептің асханасында жұмыс істеп жүрмін. Атаулы асхананың басшысы Айнагүл тәте өте мейірімді, жаны жайдары, сабырлы жан. Асханаға ең алғаш келгімде күліп жақсы қарсы алды, атқаратын жұмыстарымды айтып, түсіндірді. Өте байыпты, жұмыс істегенде өте ширақ, өзінің сыпайылығымен күлімдеп жүретін жарқын кісі. Адам жанын түсінеді. Айнагүл апайға мереке қарсаңында зор денсаулық, отбасылық бақыт және жұмысы жемісті болсын дегім келеді, - деді Аққу.

Айнагүл апайдың игі бастамаларының бірі - ол сонау 1990 жылдардан бастап торттар әзірлейді. Торттары дәмді, сапалы, әрі бағасы қолжетімді. Бүгінгі таңда тойларға, арнайы мерекелік кештерге аудан орталығынан ғана емес көршілес Жанкелдин ауданы мен Арқалық қаласынан арнайы келіп, торттарға тапсырыстар беріп жатады. Әсіресе, Жаңа жыл мерекесі мен Халықаралық Әйелдер күні мерекелерінде үлкен тапсырыстарға ие болады.

Қазіргі күні Айнагүл Оспанқызы көптеген жауапкершілігі мол жұмыстарды атқарып, отандық өнімдерді дамыту үстінде. Отандық өнімнің өрісін кеңейту өз қолымызда. Себебі «Халқыңды бір тойдырғын келсе - балық бер, ал өмір бойы тойып жүрсін десең - балық аулауға үйрет!» деген екен бұрынғылар. Біздің бүгінгі жағдайда еліміздің қарқынды даму үшін тұрғындарымызды кәсіпкерлікке баулып, отандық өнімдерді өткізу өрісін барынша кеңейтуіміз қажет. Ол өзгеге емес, өзімізге байланысты. Қазақстандық кәсіпкерлік пен бизнес дамысын десеніз, Айнагүл апай әзірлеген отандық өнімді алыңыз, ағайын.

Әнет ЖҰМАБЕК

Суретте: белгілі кәсіпкер Айнагүл ОСПАНҚЫЗЫ.

Мерекелік құттықтау!

Аймұрат ТЕНТЕКОВ,

Аманкелді ауданының прокуроры, әділет кеңесшісі

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мереке 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні.

Қазақстан отбасы, әйелдер мен балалар проблемалары жөніндегі халықаралық келісімдерді іске асыруға белсенді қатысуда. Қазақстан әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою жөніндегі БҰҰ халықаралық конвенциясына қосылды. БҰҰ Қазақстанда жүзеге асқан отбасы, әйелдер және балалар құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қатысты жұмысты жоғары бағалады.

Қазақстан Республикасы Президенті жанында Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия жұмыс істейді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының салалық бұйрықтарымен және басқа да құқықтық актілерімен әйелдердің құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғауға бағытталған заңнаманың сақталуы мен қолдануын қадағалау айрықша назарға алынған. Аманкелді ауданының прокуратурасымен аудан аумағында Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының жоғарыда аталған бағыттағы бұйрықтары мен құқықтық актілерін орындау мақсатында тұрақты түрде қадағалау жұмыстары атқарылып, тиісті нәтижелерге қол жеткізіліп келеді. Бұл орайда, аудан прокуратурасы 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні қарсаңында ақ жаулықты аналарымыз бен әжелерімізді және ауданның барлық нәзік жанды аруларын, сонымен бірге аудан прокуратурасында көп жылдар бойы қызмет атқарған апаларымызды көктемнің алғашқы мерекесі - әйелдер күні мерекесімен құттықтап, олардың жеке бастарына және отбасыларына ашық аспан, мол бақыт, табыс және ойлаған мақсаттарына жете беруіне тілек білдіреді. Аманкелді ауданының прокуратурасында 1969 жылдан бастап зейнет жасына дейін кеңсе меңгерушісі болып бір мекемеде ғана қызмет еткен аудан прокуратурасының ардагері Жұмалина Сәуле апамызға, сондай-ақ Тойшыбекова Қалия апамызға әрқашан құлпырып жүріп, ұзақ ғұмыр жасап, отбасымен бірге бақытты өмір кешуіне ақ ниет білдіреді.

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында жеке өмірінде және еңбекте осындай жетістіктерге жетіп отырған апаларымызды шын жүректен құттықтай отырып, балаларының, немерелерінің мен шөберелерінің қызығын ұзақ жылдар бойы көре беруіне тілектеспіз!

«АА» газетінің №8 (7650) нөмірінде жарияланған аудандық сайлау комиссиясының материалдарын жариялау жөніндегі хабарландыру баға қайта тағайындалатындықтан күшін жояды.

«АА» газеті редакциясы әкімшілігі.

Құттықтау!

МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, АНАЛАР!

Шолпан ТЕМЕРЖАНОВА,
облыстық мәслихаттың депутаты.

Ардақты да аяулы аналар, апалар және арулар! Сіздердің баршаңызды 8 наурыз - Халықаралық Әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен

аналар әрдайым аман болсын!

Сіздерге зор денсаулық, ашық аспан, еңбектеріңізге жеміс, отбасыларыңызға бақыт, мәнді ден сәнді ұзақ өмір, меркелік көңіл тілеймін. Жасай беріңіздер аналар!



**№ 2 БАЙТҰРСЫНОВ САЙЛАУ
ОКРУГІ БОЙЫНША АМАНГЕЛДІ
АУДАНДЫҚ МАСЛИХАТЫНЫҢ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАНТ
ДАВЛЕТОВ ЕСЫМ
САЛЫКОВИЧТІҢ
ӨМІРБАЯНЫ**



Давлетов Есым Салыкович 1965 жылдың 26 желтоқсанында Ресей Федерациясының Курган облысының Петухово қаласында дүниеге келген. 1981 жылы 8 жылдық мектепті бітіргеннен кейін Курган ауылшаруашылық техникумына оқуға түсіп, 1985 жылы аяқтаған. 1985-1987 жылдары Совет әскері қатарында болған. 1987 жылы Омск мемлекеттік ветеринарлық институтына түсіп, 1992 жылы ветеринарлық дәрігер мамандығы бойынша аяқтаған. Еңбек жолың 1992 жылы Пашковский совхозында бас ветеринарлық дәрігер болып бастаған. 1993-1994 жылдары Ресей менеджмент және агробизнес академиясында оқыған. 1994-1996 жылдары Наурзым ауданы Сосновский совхозында мал дәрігері болып қызмет атқарды. Наурзым аудандық ішкі істер бөлімінде 1996-1999 жылдары жедел іздестіру өкілі, 1999-2002 жылдары әкімшілік полиция бөлімшесінің бастығы болған. 2002-2008 жылдары Амангелді аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, 2008 -2010 жылдары Арқалық қалалық ішкі істер басқармасының бастығының орынбасары болып қызмет атқарды. 2014 жылдың ақпан айына дейін Амангелді аудандық ветеринария бөлімінің бастығы қызметін атқарған. 2014 жылдың наурыз айынан «Амангелді мал дәрігері» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында директор болып қызмет атқарады.

Жанұялы, 2 баласы бар.

**№ 2 БАЙТҰРСЫНОВ САЙЛАУ
ОКРУГІ БОЙЫНША АМАНГЕЛДІ
АУДАНДЫҚ МАСЛИХАТЫНЫҢ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАНТ
Е.С.ДАВЛЕТОВТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Мен, Давлетов Есым Салыкович Амангелді аудандық маслихатының депутаты болып сайланған жағдайда мынадай бағыттар бойынша жұмыс жасаймын:

«Нұр Отан» партиясының мүшесі ретінде ең алдымен партия бағдарламасында қойылған міндеттерді орындауға ат салысамын.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауларында қойылған міндеттерді іске асыруға, ауданның әлеуметтік мәселелерін шешуге ықпал етемін.

Өз округімдегі сайлаушылардың талап-тілектерін, ұсыныстары мен сұраныстарын үнемі зерделеп, олардың оңтайлы шешілуіне ықпал жасап, өзімді сайлайтын сайлаушылардың сенімін ақтау үшін депутаттық құқықтарымызды толық пайдаланамын.

Ауданда эпизотикалық жағдайды тұрақтандыруға бағытталған іс-шаралардың уақыттылы және нәтижелі болуына қадағалау жасаймын.

Ауданда мәдениет, білім, спорт жұмыстарының жоғары дәрежеде болуын ұдайы қолдаймын.

Аудан тұрғындарын таза сумен қамтамасыз етуге атсалысамын.

**АМАНГЕЛДІ АУДАНДЫҚ МАС-
ЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА № 2
БАЙТҰРСЫНОВ САЙЛАУ ОКРУГІ
БОЙЫНША КАНДИДАНТ
КЕНЖЕБОЛАТ ӘЛІБЕКҰЛЫ
АХМЕТОВТІҢ
ӨМІРБАЯНЫ**



Ахметов Кенжеболат Әлібекұлы 1972 жылы Торғай облысы Амангелді ауданының орталығы Амангелді аулында дүниеге келген.

Білімі арнаулы орта, 1995 жылы Арқалық қаласында музыкалық училище бітірген.

Еңбек жолын 1995 жылы Амангелді аудандық музыка мектебінде домбыра классы бойынша мұғалім болып бастаған.

1998-2003 жылдары Амангелді аудандық Қ.Әбенев атындағы Мәдениет үйі жанында құрылған «Торғай толқындары» ансамблінің көркемдік жетекшісі болып қызмет атқарды.

2003 жылы Амангелді аудандық музыка мектебіне мұғалім болып жұмысқа орналасты.

2014 жылдың тамыз айынан Амангелді аудандық музыка мектебінде басшылық қызметін атқарады.

Бірнеше жылдан бері шығармашылықпен айналысып, күйлер мен әндер шығарып, аудан тұрғындарының ілтифатына бөленуде. Әсіресе, оның күйлерін Амангелді ауданының халқы зор ықыласпен тыңдайды. Сонымен қатар, ол өнерлі шәкірттерін тәрбиелеуде де жақсы еңбек жасап жүр. Шәкірттерінің алды түрлі байқауларға қатынасып, бақтарын сынап, ауданымыздың мерейін асырып келеді.

Облыстық ән байқауларының жеңімпазы, мәдениет және өнер саласын дамытуға қосқан үлесі үшін аудан әкімі және облыстық мәдениет басқармасының грамоталарымен марапатталған.

Отбасылы, 2 баласы бар.

**АМАНГЕЛДІ АУДАНДЫҚ
МАСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА
№ 2 БАЙТҰРСЫНОВ САЙЛАУ
ОКРУГІ БОЙЫНША КАНДИДАНТ
Қ.Ә.АХМЕТОВТІҢ САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Мен, Ахметов Кенжеболат Әлібекұлы Амангелді аудандық маслихатының депутаты болып сайланған жағдайда мынадай бағыттар бойынша жұмыс жасаймын:

- Қазақстан Республикасының Президенті және Үкіметінің саясатын жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралардың орындалуына атсалысамын.

Елбасының жылсайынғы Қазақстан халқына Жолдауын халық арасында насихаттау және орындалу бағытында жұмыс істеймін.

- Аудан халқының тұрмыс деңгейін көтеруге бағытталған әлеуметтік бағдарламалардың орындалуы, аудан мәдениетін көтеруге мән беремін.

- Аудан жастарының қоғамдық белсенділігін көтеруге күш саламын.

- Жас ұстаздар мәртебесін көтеруге және қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысуға ықпал жасаймын.

- Жастардың еңбекке деген құлшынысын оятуға бағытталған іс-шаралардың ұйымдастырылуына ықпал етемін.

- Мәдени және танымдық бағыттағы іс-шараларда аудан жастарының арасында кең таралып, өзара тәжірбие алмасуына мүмкіндіктер туғызуға ықпал жасаймын.

**№ 2 БАЙТҰРСЫНОВ САЙЛАУ
ОКРУГІ БОЙЫНША АМАНГЕЛДІ
АУДАНДЫҚ МАСЛИХАТЫНЫҢ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАНТ ҚЫЛДЫБАЕВ
ОЛЖАС ЖҰМАБАЙҰЛЫНЫҢ
ӨМІРБАЯНЫ**



Қылдыбаев Олжас Жұмабайұлы, 1986 жылдың 15 мамырында Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары.

2007 жылы Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтын «Өнер» факультетін музыкалық білім мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2008 жылы Амангелді ауылындағы «Шұғыла» жастар демалыс орталығында дыбыс операторы болып бастаған.

2009-2012 жылдары аудандық Қ.Әбенев атындағы мәдениет үйінде көркемдік жетекшісі болып қызмет атқарған.

2012-2014 жылдары аудандық музыка мектебінің директоры болды,

2014 жылдың тамыз айынан бастап Қ.Әбенев атындағы аудандық Мәдениет үйінің директоры болып қызмет атқарады.

Облыстық ән байқауларының жеңімпазы, мәдениет және өнер саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен, аудан әкімі және облыстық мәдениет басқармасының грамоталарымен марапатталған.

О.Қылдыбаев соңғы жылдары ән шығарумен айналысып келеді. Оның қаламынан туған бірнеше әндер аудан жұртшылығының көңілінен шығуда.

Ол аудан өнерпаздарын түрлі байқауларға әзірлеу кезінде өзінің қабілетімен көрінуде. Жастарды тәрбиелеуге сергектікпен қарайды.

Отбасылы, 2 баласы бар.

**АМАНГЕЛДІ АУДАНДЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА №2 БАЙТҰРСЫНОВ
САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША КАНДИДАТ
О.Ж.ҚЫЛДЫБАЕВТЫҢ САЙЛАУ АЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Мен, Қылдыбаев Олжас Жұмабайұлы Амангелді аудандық маслихатының депутаты болып сайланған жағдайда мынадай бағыттар бойынша жұмыс жасаймын:

- «Нұр Отан» партиясы белгілеген міндеттер мен Елбасының «Нұрлы жол» атты халыққа жолдауында көрсетілген тапсырмалардың халық арасында насихаттау және орындалу бағытында жұмыс істеймін;

- Ауыл халқының тұрмыс деңгейін көтеруге бағытталған әлеуметтік бағдарламалардың орындалуы, ауыл клубының іске қосылуына мән беремін;

- Ауыл жастарының қоғамдық белсенділігін көтеруге күш саламын;

- Жас ұстаздар мәртебесін көтеруге және қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысуға ықпал жасаймын;

- Жастардың еңбекке деген құлшынысын оятуға бағытталған іс-шаралардың ұйымдастырылуына ықпал етемін;

- Мәдени және танымдық бағыттағы іс-шараларда ауыл жастарының арасында кең таралып, өзара тәжірбие алмасуына мүмкіндіктер туғызуға ықпал жасаймын.

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАН ЕДІ

XX ғасырдың адамзат дамуындағы ең үлкен зұлмат - 1941-45 жылдардағы Ұлы Отан соғысы. Міне, сол соғыстағы жеңісімізге – Ұлы Жеңіске 70 жыл толғалы отыр. Ел басына күн туғанда, қолдарына қару алып, елін-жерін қорғауға қанша ма ата-әкелеріміз аттанды? Сондай, жанның бірі – Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, құдамыз Қаралақ Құсайынұлы еді. Осыбір жаны жайсаң, ақыл-парасаты, өмірі өскелең ұрпаққа өнеге болатын Қаралақ Құсайынұлы туралы естелік жазу мен үшін үлкен мәртебе және жүгі ауыр парыз.

Қаралақ Құсайынұлы - 1921 жылы Қостанай облысы, Аманкелді ауданы, Еңбекші ауылдық кеңесіне қарасты 8 март колхозында дүниеге келген. Ата-анасынан жастай айырылған ол, Семнозер балалар үйінде оқып, тәрбиеленген. 1941 жылы сауда кооперация мектебінде оқып, «товаровед» мамандығын алған. Қарасу ауылдық кеңесінде хатшы болып қызмет атқарған.

1942 жылы мамыр айында әскер қатарына шақырылып, 352 атқыштар дивизиясының құрамында болады. Кейін 76-шы гаубицалық атқыштар полкіне жіберіледі. Осы полктің құрамында Сталинград үшін шайқасқа, Украинаны, Курск, Орел қалаларын жау әскерінен босатуға қатысады. Харьков түбіндегі шайқаста жаудың 5 танксын жайып, осы ұрыста, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Тарихтағы үлкен шайқас – Курскі доғасындағы ұрыста жауға есептірте соққы бергені үшін тағы да «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады. II дәрежелі Отан соғысы, Данк ордендерімен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және жеңістен кейінгі мерекелік медальдармен марапатталған. Әскери жүріп партия қатарына өтеді. Елге оралғаннан кейін өз мамандығы - сауда саласында мінсіз қызмет атқарып, зейнетке шығады. Жігітара ауданы тұтынушылар одағы төрағасының орынбасары, Аманкелді ауданы тұтынушылар одағының төрағасының орынбасары, совхоздарда жұмысшылар кооперациясының төрағасы



болған. Көп жылғы еңбегі бағаланып, 1964 жылы Алматы қаласында өткен кооперация одағының слетіне делегат болып қатысып, Қазақ ССР-ы Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасын алады. «Кеңес сауда ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері. Ол кісі өзінің саналы ғұмырын сүйікті ісіне, еліне адал қызмет көрсетуге арнаған. Дүниеге әкелген 6 ұл, 2 қызын да осы жолға тәрбиелеген. Жұбайы өмірден ерте озғаннан кейін, ол балаларын өзі өсіріп, жеткізді. Балалары да үмітін ақтап, білімді де білікті мамандық иелері болып өсті. 1984 жылы бесінші ұлы Бірлік пен менің әпкем Тоты үйленіп, отау құрып, Қаралақ Құсайынұлымен құда болдық. Қолында үш ұлы, үш келіні тұрды. Барлығы өте тату болды. Үйінен кісі арылмайтын. Үйлеріне қашан барсаңда дастархан басында 20 шақты адам отыратын. Өзінің бала-шағасынан өзге, балаларының дос-жарандары, туыстары еді. Қаралақ құдам – мінезге бай, байсалды, өте білімді жан еді. Бөлмесінде кітап көп бола-



тын, қашан көрсенде кітап, газет-журнал оқып отырушы еді. Ол кісінің бірі қасиеті, оқыған кітабының соңына пікірін жазып қоятын. Өмірі ашуланып, дауыс көтеріп сөйлемейтін. Үйді басына көтеріп, асыр-салып, ойнап, тентек болған немерелеріне «о, күшік!» деп ғана қоятын. Ешқашанда соғыстағы ерлігін, қызметтегі жетістігін айттып, мақтанбайтын.

1996 жылы аудандық мұражайда ғылыми қызметкер болып жұмыс жасайтын кезім еді, сол кезде Мұражай мұрағатына құдамның фото суреттері мен құжаттарын алып, тапсырған болатынымын. Өмірбаянын өз қолымен орыс тілінде жазып берді. Соғыстағы ерлігін де сол жолы білдім.

1997 жылы шілде айында анам дүние салып, басыма қайғы түскен сәтте, жаныма демеу болып, сүйеу болған осы Қаралақ құдам еді. Ұл-қыздарының бірі калмай анамның қазасында қызмет жасады. Келер жылы, құдамды дерт шалып, ажал ортамыздан 77 жасқа толған шағында алып кетті. Ол кісінің жарқын бейнесі есімізде мәңгіге қалады. Артындағы үлкен мұрасы - балалары, ұрпағы. Ол, мәуелі бәйтерек болса, бұтағы мен жапырағы - балалары, немере, шөберелері. 6 ұл, 2 қыздан тараған - 23 немересі, 27 шөбересі артында қалды. Өзінен кейін 3 ұлы Адай, Бірлік және кеше ғана өзегімізге өт салып кеткен Жұмабек баласының қазасы еді. Ауданның әлеуметтік саласында ерен еңбек еткен Жұмабек Қаралақұлы да әкесі сияқты, еліне, туған жеріне адал қызмет жасап, тура жүрді. Қанша ма мұқтаж жанға көмектесіп, қол ұшын беріп, қанша ма жанның алғысына бөленді. Шапағаты балаларына тие берсін!

Лиза ТАУТАНҚЫЗЫ,
Қ.Әбенев атындағы аудандық мәдениет
үйінің әдіскері

Тағзым

САҒЫНЫП ЕСКЕ АЛАМЫН

Адам баласы күйбең тірлікпен жүргенде, өмірінің өтіп бара жатқанын байқамайды екен.

«Аманкелді арайының» бетінен бір бейнені көріп, бала күнге сағынышым оянып, сол күндер көз алдымнан қаз-қалпында өтіп жатты.

Әңгімеме арқау болып отырған «Бейнесі бөлек, қария еді» деген Сайлаубек Сайдильдиннің мақаласындағы Бейсенбай Кеделбаев менің көкем еді, біз бұл кісіні осылай атайтынбыз.

Біздер Жыланшық елді мекенінде көп жылдар тұрдық. Менің әкем Қапар Сыздықұлы, сол жерде ұзақ жыл савхоздың жылқы фермасын басқарды. Біз көкем үйімен іргелес тұрдық, сол кездегі тілмен айтқанда «қоржын» үйдің келесі басы.

Менің әкемнің аздап үлкендігі бар еді. Сондықтан ол кісіге ептеп ұрысып отыратын. Қонаққа барғанда кәделі сүйекті Бейсенбай көкеме беріп қояды екен, сонда менің әкем Қапар, «ай осы сақалы қауғадай болып, менен үлкен болып көрінеді» - деп кіжініп отыратын, сонда көкем үндемей сақалын қолымен тарақтап, сылқылдап күлетін. Бейсенбай көкемнің Жеңіс, Қаншайым деген екі баласы болды. Қаншайым екеуіміз «Родник» совхозына оқуға бірге барып, бастауыш сыныпты Файзолла Есетов деген кісіден оқыдық (марқұм өте қадірлі адам еді). Қаншайым да көп сөйлемейтін көкем сияқты, қазір Қостанай қаласында тұрады. Көкемнің әйелі Айғанша деген шешеміз жылдам сөйлейтін, тез қимылдайтын адам еді.

Жеңіс ағамыз сол кісі сияқты болатын. Ал көкем әңгімешіл адам еді, ашуланбайтын, ашуланса сойлей алмай, «тұтғып» қалатын, көзі аларып қарайтын, менің анам ол кісіні «Алағөз» деп атайтын. Келіндері «Кілтші қайнаға» деп атайды екен.

Кейін ол кісілер Талғұйда қой бакты. Қойдан кешке шаршап келгеніне қарамай бізге әңгіме, дастан, жырлар оқытатын, өзі әңгіме, ертегі айтатын.

Ол кісінің әңгімесін тыңдап жатып Қаншайым екеуіміз ұйықтап кететінбіз. Біз сол ертегі, әңгіме желісіне құмартып тыңдай беретінбіз. Сол ертегінің жас балаларға берері өте көп екенін түсінгендеймін.

Көкемнің өзіміздің «Бердіқаз» әулетінің шежіресін жазып жүргенін білетінмін. Маған «Гүлназия, сенен үмітім бар» - дейтін еді. Бірақ ол кезде бұл сөздерге мән бермеппін. Сол кездегі өмір бәрі көкірегімде сайрап тұр. Ол кісі дінге де жакын еді. Үнемі ораза ұстап, намазды қаза қылмай оқитын, емшілік қасиеті де бар еді. Бір жеріміз ауырса «көке» деп сол кісіге баратынбыз.

Бірде менің үлкен апам марқұм Құлпараның ұлы Кенжебек үнемі біздің үйде болатын, бірде тісі ауырып 2-3 күн жатып қалды, дәрігер жоқ, мидай дала, әлгі балаға көкем келіп, кане аузынды аш, қай жерің деп сұрап, аузын ашқанда «түкіріп» жібергені сол еді, тісі сап тивылып, қайтып ауырмаған.

Бірде 1962 жыл болуы керек, сол жылы қыс өте қатты болды. Қар үйлерді басып кетті, терезе, есік деген жоқ, қардан аршып әрең шығатын. Үйлерді сипап кетті, жылқыдан бүкіл тай, жабағы бәрі үйге әкелінді. Қора болатын, соған кіргізілді, менің шешем Камила, Қойшыман тәтемнің әйелі Дәмеш жеңгем, Мырқали ағамның үйіндегі Шошақ шешем, Досан ағамның үйіндегі Қаншайым жеңгем, бәрі төбеге шығып, «маяға» дейін арқан байланады (адасып кетпес үшін), арқанның бойымен жорғалап барып, шөпті арқалап алып төбедегі тесіктен қораға тастайды, қас қарайғанша солай істейтін. Сол бейнетпен совхоздың малын қыстан аман алып қалып еді.

Әрине, сол бейнеттер олардың өмірден ертерек кетуіне себеп болған шығар. Ал Дәмеш жеңгем сол кездердің куәсі, қазір бар, ардақты ана, аяулы әже.

Біздің балалық шағымыз сол Әліпбай жерінде өтті, қатар-қатар тігілген киіз үйлер, таңертең ерте тұрып Бейсенбай көкем есіктің алдына шығып, төмпешік болатын, сол төмпешікке барып денешынықтыру жасайтын. Менің әкем ұрсатын «сенікі не, келіндеріңнің көзінше еңкейіп, тоңқайып жатқаның» - деп. Көкем селкілдеп тұрып күліп алып, «бұл денешынықтыру» дейтін марқұм.

Гүлназия қажы ҚАПАРҚЫЗЫ,
зейнеткер-ұстаз.

ТАЗАЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ



Әр адам тәулігіне бірнеше мың литр ауа жұтады. Ауаның құрамындағы оттегі алдымен өкпеге барады, одан қанға сіңіп, бүкіл ағзаға тарайды. Өкпе бейне сүзгі сияқты ауа құрамында түтін, шаң – тозан болса, тұтып қалады. Зиянды заттары бар ауамен тыныс алған адамның жұмысқа қабілеті кемиді де тез шаршайды. Бұл жағдай түрлі ауруға шалдықтырады. Адамға тыныстау үшін таза ауа қажет. Орман ішінде теңіз немесе өзен мен көл жағалауында ауа таза болады. Ал елді мекендерде ауаға адамның денсаулығына зиянды түрлі қоспалар араласып жүреді. Әсіресе, өндірісті қалаларда ауа көп ластанады.

Айналадағы ауаның тазалығын сақтауда көгалдандырудың маңызы зор. Өсімдік ауаның құрамындағы көмірқышқыл газын, зиянды заттарды шанды жұтып, оның орнына көп мөлшерде оттегін бөліп шығарады. Сондықтан көше бойлай ағаш

отырғызу, гүлзарлар жасау, демалыс бақтарының көлемін кеңейту, ауаларды көгалдандыру ауаның тазалығын сақтаудың бір жолы болып табылады. Сөз жоқ, бұл іс-шаралар «Тазалық – денсаулық кепілі» деген сөздің ақиқаттығының дағы бір дәлелі. Тұрған жерімізді аялап күтіп ұстау арқылы ғана біз оның тазалығын, жайлылығын, сұлулығын қамтамасыз ете аламыз.

Тазалықты тиісті дәрежеде ұстап тұру оңай болмаса да, өзіміз үшін игі іс дер едім.

Г.СЕЙДІЛДИНА,
ҚР Ұлттық экономика Министрлігі
Тұтынушылардың құқықтарын қорғау
Комитетінің «ҚОСЭСО» РМҚК
Амангелді ауданы бойынша
филиалының дәрігер-лаборанты.

Құттықтаймыз!

МЕРЕЙТӨЙ – 60 ЖАС!

Наурыз айының 4 жұлдызы күні қадірлі ініміз, ардақты ағамыз, жиендеріне құрметті нағашы бола білген **Жұмабай Әмірұлы БОЛАТОВ** 60 жасқа толады. Ініміз, келініміз Гүлжан Қарсақбайқызы екеуі үш бала тәрбиелеп өсіріп, олардан балдай тәтті немере сүйіп отырған ата-әже. Жұмабай Әмірұлына балаларының, немерелерінің қызық-қуанышына бөленіп, ұзақ өмір сүруін тілейміз.



60 жасың құтты болсын, Жұмабай,
Денсаулығың мықты болсын, Жұмабай.
Біздер үшін қадірлісің қашан да,
Әр қадамың сәтті босын, Жұмабай.

Азаматтың бірісің ғой көреген,
Ағайынның жақсылығын елеген.
60 жасың ұлы тойға ұлассын,
Тілегіңді берсін Алла тілеген.



Изгі ниетпен: ана-әжесі Қайырғали-Айтжан, жиендері Аңсаған, Жаңасай-Айнұр, Береке-Гүлнұр, Манарбек-Мақпал, Нұрбол-Алтынғұл, Болатбек-Мәлдір. Бұл тілекке Қарағанды қаласында тұратын інісі Бейсенбай мен келіні Жанаргүл, Үмітжан, Нұрзат та қосылады.



Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы

Республика Президентінің 24.09.2013 жылғы №648 Жарлығымен Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама бекітіліп, қазіргі уақытта іске асырылуда.

Аталған бағдарламаның мақсаты болып діни экстремизм көріністерінің алдын алу және терроризм қатерлеріне жол бермеу арқылы адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету табылады.

Бағдарламаның міндеттері: қоғамда тағатты діни сананы және радикалдық идеологияға деген иммунитетті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру; діни экстремизм мен терроризмнің көріністерін, соның ішінде арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру жолымен анықтау мен жолын кесудің тиімділігін арттыру;

экстремистік және террористік әрекеттердің салдарларын азайту және жою шараларының жүйесін жетілдіру.

Дінді жамылған экстремистік және террористік идеологияның таралу процесі соңғы уақытта іс жүзінде бүкіл әлемде ауқымды сипатқа ие болып отыр.

Қазақстан әлемдегі сыртқы саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты өзінің геосаяси жағдайына қарай,

Орталық Азия өңіріне географиялық жағынан жақын Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі тұрақсыздыққа орай халықаралық терроризмге қарсы күрестің негізгі бағыттарының бірінде қалып отыр.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы терроризм қатерінен қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларының жүйесін әзірледі, оның тиімділігі біртіндеп арттырылып жатыр.

Конфессияаралық және этносаралық келісім мен жастар мүддесін қорғауды, мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік саясат жүзеге асырылуда.

Елбасы 18.04.2013 жылы басқа шаралардың қатарында этносаралық тағаттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін жетілдіруге бағытталған іс-шараларды қамтитын Қазақстан халқы Ассамблеясының (2020 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасын бекітті.

Сонымен қатар, экстремизм мен терроризмнің алғы шарттарын анықтау мен жолын кесу үшін заңнамалық және ұйымдастырушылық база құру әрі оны жетілдіру жөнінде елеулі жұмыстар атқарылды.

18.02.2005 жылы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» және 13.07.1999 жылы «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдары қабылданды, онда экстремизм мен терроризмнің алдын алу мен оған қарсы іс-қимылдың құқықтық

негіздері белгіленген, негізгі ұғымдық анықтамалар мен осы бағыттағы мемлекеттік органдардың құзыреті, сондай-ақ осы саладағы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары айқындалған.

Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасының «Қазақстан - 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында басым міндеттердің ішінде радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен көріністеріне қарсы іс-қимыл айқындалған.

Бұл ретте қоғамда, ең алдымен, жастар ортасында діни экстремизмнің алдын алуды күшейту қажеттілігіне, сондай-ақ конфессияаралық бейбітшілік пен келісім орнаған, діншілдер мен атеистік көзқарасты ұстанған азаматтардың да құқықтары сақталатын және құрметтелетін зайырлы мемлекет - Қазақстан Республикасының дәстүрлері мен мәдени құндылықтарына сәйкес тұрғындарда діни сананың қалыптасуына ерекше назар аударылады.

Бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар болып Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, орталық, жергілікті және өзге де мемлекеттік органдар табылады.

С.БАЛТАБАЕВА,
Аманкелді ауданы прокурорының көмекшісі

МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУДІ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ АУДАНДЫҚ КОМИССИЯ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

«Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлкі жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 30 маусымдағы Заңымен (бұдан әрі-Заң) жария етуге құрылыс нормалары мен қағидаларына, сондай-ақөздері орналасқан,жария ету субъектісінеменшік құқығында тиесілі жер учаскесінің нысаналы мақсатына сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының аумағында тұрған үйлер (құрылыстар, ғимараттар) жатады.

Жылжымалы мүліктер (автомобиль, басқада техника) жария етуге жатпайды.

Мүлкі жария ету мерзімі 2014 жылғы 1 қыркүйекте басталып, 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталады.

Мүлкі (ақшадан басқа)жария етуге ұсыну үшін құжаттарды беру мерзімі 2014 жылғы 1 қыркүйекте басталып, 2015 жылғы 30 қарашада аяқталады.

Заңға сәйкес Аманкелді ауданы әкімдігініңжанында мүлкі жария етуді өткізу жөніндегі комиссия жұмыс басталды. Комиссия жұмыс

күндері сағат 9.00-18.00 аралығында, ал сенбі күні 9.00-13.00 аралығында Аманкелді ауылы, Б.Майлин, көшесі 14 үй (әкімдік ғимаратында) жүзеге асырылады.

Заңның 7-бабында мүлкі жария ету субъектілерімен комиссияға құжаттар тапсыруы арқылы өткізіледі, құжаттар тізбегі төменгідей:

- 1) Занда белгіленген нысан бойынша екі данада мүлкі жария етуді өткізуге өтініш (бұдан әрі-өтініш);
- 2) өтініш берген кезде салыстыру үшін түпнұсқасын көрсете отырып, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) ғимараттар мен құрылыстарды объектінің құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкестігі тұрғысынан техникалық тексеруді жүзеге асыратын сарапшының қортындысын;
- 4) жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық паспортын ұсынады.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ғимараттарды жария ету үшін мүлкі жария ету алымын төлеу қажет емес.

Айта кететін бір жай, сарапшы қорытындысын – саулет, қала

құрылыс саласында инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығына тиісті аттестаты бар жеке тұлға береді.

Мүлік орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жария етілетін жеке тұрғын үй құрылысы объектілерін және саяжай құрылыстарын техникалық тексеру үшін (сарапшыларды) тартуды аудан әкімдігі ұйымдастырады.

Өзге құрылыстың жария етілетін объектілерін техникалық тексеруді жүргізу үшін сарапшыны тартуды өтініш беруші өз бетінше жүзеге асырады.

Жария ету субъектісі жария етілетін жеке тұрғын үй құрылысы объектілерін, саяжай мен өзге құрылыстарын техникалық тексеруді жүргізу үшін сарапшының қорытындысын алу үшін осы өтінішпен әкім аппаратына жүгінеді.

Мүлкі жария ету сұрақтары бойынша анықтама алу үшін 22018 телефонына хабарласуға болады.

А.ШУКЕНОВ,
«Аманкелді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі құқықтық және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы.

МОБИЛЬДІ ХҚКО ЖҰМЫСЫН ЖАЛҒАСТЫРУДА

Мобильді ХҚКО 2015 жылдың Iтоқсанында да өз жұмысын жалғастырады. 11 және 25 наурыз күндері сағат 11.00 Тасты ауылының тұрғындарына, ал 11 және 25 наурыз күндері сағат 15.00 Қарынсалды ауылының тұрғындарына бекітілген кесте бойынша «ХҚКО» РМК Қостанай облысы бойынша филиалы Аманкелді бөлімі мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді.

ХҚКО қызметкерлері барлық мемлекеттік қызмет түрлері бойынша құжаттар қабылдайды, дайын құжаттарды береді және тапсырылуға жататын құжаттар бойынша кеңестер береді.

Туындаған сұрақтар бойынша 21-2-69 телефон номеріне хабарласуыңызға болады.

М.Қ.СҮЛЕЙМЕНОВ,
«Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК Қостанай облысы бойынша филиалы Аманкелді бөлімінің басшысы

Қазақстандықтар төлқұжат пен куәлікті кез келген көші-қон полициясынан ала алады

Төлқұжат пен жеке куәлік алу үшін тұрғылықты мекен жайы мен тіркелген жеріне қарамастан, кез келген өңірдегі Халыққа қызмет көрсету орталығында орналасқан көші-қон полициясына барып, жаңа құжаттарға өтініш беруге болады. Бұл қызмет азаматтарымыздың уақытын және қаржылық шығындарын айтарлықтай үнемдейді, мысалы, жаңа жеке куәлік немесе төлқұжат алу үшін тіркеуде тұрған облысқа, ауданға барудың қажеті жоқ.

Айтып өту керек, азаматтың жеке басын куәландыратын жаңа құжатты алуға өтінімді неке кию,некені бұзу туралы куәліктер бойынша, туғаны туралы акті жазбасына өзгерістер енгізбей ұлттық дәстүр бойынша анықтамалық деректерін ауыстыру туралы, құжат бүлінген, жоғалтқан, құжаттың мерзімі өтіп кеткен жағдайларда тұрғылықты және тіркелген мекен жайына қатыссыз, кез-келген ХҚКО-да орналасқан көші-қон полициясына барып өтініш беруге болады. Ал, қосымша тексеру жүргізу немесе шешім шығару қажет болған жағдайда жаңа құжат азаматтың тіркелген мекенжайы бойынша ғана қызмет көрсетіледі.

Құжатты әзірлеу уақыты туралы ақпаратты ХҚКО-ғы көші-қон полициясына өтінім беру кезінде біле аласыз.

Ж.ХАСЕНОВА,
Аманкелді АПБ-нің көші-қон полиция тобының жетекшісі маманы.

ХАБАРЛАМА

Құрметті кәсіпкерлер! Аманкелді ауданының прокуратурасымен 2015 жылдың наурыз айында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында «Шенеунік және Кәсіпкер» атты акциясы өткізілуде. Осыған орай, Сіздердің тараптарыңыздан туындаған барлық сұрақтар бойынша аудан прокуратурасының (8-71440) 21-5-06, 21-1-73 сенім телефондарына хабарласуыңызға немесе тікелей аудан прокуратурасының жедел қызметкерлеріне жүгінуіңізге болады.

Сонымен қатар, мемлекеттік және бақылау органдарының қызметкерлері тарапынан Сіздердің құқықтарыңыз бұзылатын болса аудан прокуратурасының жоғарыда аталған сенім телефондарына хабарласуыңызға болады.

Аманкелді ауданының прокуратурасы.

Хабарландыру

ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ

Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігінің жоғары оқу орындарына күндізгі оқыту нысаны бойынша мамандандыруларға байланысты төменде көрсетілген оқу орындарына шақырамыз.

1. ПМ Алматы академиясы
2. ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы
3. ПМ Ақтөбе заң институты
4. ПМ Қостанай заң академиясы

Оқуға баратын үміткерлер 2013 жылы 11 сыныпты аяқтайтын және орта білімі бар әскер қатарынан келген 25 жасқа дейінгі азаматтар. Үміткерлердің құжаттары Аманкелді аудандық ішкі істер бөлімінің кадр тобында қабылданады.

Ішкі Істер министрлігінің жоғары оқу орындарына күндізгі оқыту нысаны бойынша оқуға түскен үміткерлер тегін жатар орынмен тамақпен және киіммен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін арнайы атағы беріліп лауазымға тағайындалады. Оқу мерзімі төрт жыл.

Анықтама алу үшін 21-1-33, 21-0-68 телефондарына хабарласуға болады

С.БІРСЕИТОВ,
Аманкелді АПБ-нің бастығының орынбасары, полиция капитаны

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Альянс полис» - жеңіл және жүк көліктерін (6-12) айға сақтандырады. Сақтандыру барысында жеңілдіктер қаралған. Автобус және такси көліктеріне жолаушылар (пассажирский) сақтандыру бланкілері бар. Мекен-жайы: Аманкелді акиматы, 1 қабат, 103 кабинет.

Ұялы тел: 8-701-708-39-32. Жұмыс тел: 21-2-22
Агент - Князов Бағдат Дайыржанұлы.

НОТАРИУС: 28.01.2015 жылы қайтыс болған аз.Фазылов Мубарактың мұрасы бойынша мұралық іс ашылды. Мұрагерлерді Қостанай нотариаттық аймағының нотариусы Исмагулова Акмарал Бахытжановнаға Қостанай облысы, Аманкелді ауданы, Аманкелді ауылы, М.Маметова көшесі, 21 мекен-жайы бойынша хабарласуларыңызды сұраймын.

ТӘРТІПТІК КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫ ТУРАЛЫ БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗІ

2015 жылғы 20 ақпанда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің Тәртіптік кеңесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының бұзушылығы бойынша «Қостанай ауданы білім бөлімі» ММ басшысы Н.Ө. Бикеновке қатысты тәртіптік іс қаралды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің тергеуге дейінгі материалдары бойынша Н.Ө. Бикенов «Садчиковка кентіндегі мектеп ғимаратын толық жөндеу» объектісі бойынша электронды конкурс өткізгенде мемлекеттік сатып алу заңнамасының нормаларын бұзған. Істі қарау нәтижесінде, Тәртіптік кеңес мүшелері аталмыш лауазымды тұлғаның әрекетінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңның 12 бабы 1 тармағының 4, 5 тармақшаларының бұзушылығы белгілерін анықтап, Н.Ө. Бикеновтің



атқарып отырған лауазымынан босату туралы ұсыныс берді.

Бұдан басқа, Кеңес мүшелері «Қостанай ауданы білім бөлімі» ММ бас есепшісі Р.К. Жұмашеваға

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту және қоғаммен өзара әрекеттесу бөлімі

ҰСТАЗ МЕРЕЙІ – ЕҢБЕГІМЕН ЕҢСЕЛІ

Г.ЖҰМАДІЛДӘҚЫЗЫ

Ел ішінде абырой-беделі белгілі, орнықтылықтың, адамгершіліктің өлшемі іспетті жандар көптеп кездеседі. Осындай жандардың бірі - Сәуле Елеусізқызы. Саналы ғұмырының 40 жылдан астам уақытын балаларға білім беруге арнаған, осы елдің небір жайсаң ұл-қыздарына тәрбие берген, ұлағатты ұстаз.

Ол Б.Қолдасбаев атындағы орта мектебінде физика пәнінің мұғалімі, жоғарғы санаттағы маман иесі, «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төс белгісінің иегері. Заманауи интерактивті техникалық құрал-жабдықты жетік меңгерген. Жас ұстаздарға әдістемелік кеңес беруде бірнеше сабақтар мен шығармашылық есебін берген ізденімпаз мұғалім.

Тынымсыз еңбегі мен жоғары біліктілігінің арқасында білімді шәкірт дайындауда 2007-2008 оқу жылынан бастап төрт жыл қатарынан ұлттық бірыңғай тестілеу сынағында 100 пайыз білім сапасын көрсетуде. Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің «Алтын белгі» иегерлері Е.Кәрімов, А.Шалғымбаев, Қ.Елеусізов, Д.Асхаттар физика пәнін тандау арқылы жоғары балл алып, үлкен жетістікке жетуі осы бір қарапайым ұстаздың тұлғасын биіктете түскендей.



Мамандығына шынайы сүйіспеншілікпен қарайтын ұстаз бірнеше буынды тәрбиелеп шықты. Оны әрқашан халық құрметтейді. Шынында да адамды көркейте беретін, ешқашан тұғырдан түсірмейтін тетік - адал еңбек. Ұстанымы - адал еңбек деп білетін ұстаздың еңбегі зая кеткен жоқ. Бүгінде бірқауым ел танытын Ж.Әбжанов, Б.Төлегенов, Б.Талқанова, М.Оспанов, Қ.Мусина, М.Тажина, Н.Жұмаханова, Ә.Қабдуалиева, Ә.Жұмағалиева, Ә.Боранбаева, Р.Садуақасовтар - Сәуле Елеусізқызынан білім алған, ұлағатын ұққан шәкірттері. Кейінірек олардың бірқатары



ұстаз жолын жалғастырып, ізін басты.

Сәуле Елеусізқызы - ел балаларын тәрбиелей жүріп, өзі де бір ұл, бір қыз өсірген ана. Ұлы - Астана қаласында қызмет атқарса, қызы Әйгерім өзінің жолын қуып, физика пәнінен сабақ береді. Өмірлік жолдасы Әбдіхалық ағай да жұбайы мен қызының ұстаздық жолының оңай емес екенін біліп, оларға барлық жағдай жасайды.

Мұғалімдікті мұрат етіп, еңбек жолын ұстаздыққа арнады. Ұстаз мерейі қашанда шәкіртімен жоғары, еңбегімен еңселі деген осы. Сәуле Елеусізқызы еліне адал еңбегімен, кәсіби біліктілігімен және адами асыл мінезімен танылған тұлға.

Қарапайым да еңбекқор жанды 8 наурыз - Халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтап, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Әрдайым балалар бақыты жаныңызды жақсылыққа толтырып, перзент қызығына бөлене беріңіз демекпіз.

Суретте: ұлағатты ұстаз
С.ЕЛЕУСІЗҚЫЗЫ.



МАМАНДЫҒЫҢЫЗ МАЙТАЛМАЖЫ

Ауданымызда қиын мамандық саласында жұмыс істеп, еңбегімен танылып келе жатқан қыз-келіншектер аз емес. Солардың бірі - Айгүл Боранбайқызы Сейдахметова. Ол Торғай қаласында туған. Сондағы Н.Г.Иванов атындағы орыс орта мектебіне 1991 жылы барып, оны 2002 жылы тәмамдаған.

Әкесі Боранбай Досұлы Сейдахметов Торғайдың тумасы. Анасы - Әсия Нұрханқызы Ахметова Ресейдің Орынбор облысы, Новороск ауданы, Бодамшы селосында туған. Екеуі де қарапайым қызметкерлер. Айгүл олардың тұңғышы. Одан кейін екі ұл және бір қыз бар.

Айгүл орта мектепті бітірген соң Арқалық қаласындағы экономика және құқық колледжіне құқықтану мамандығы бойынша оқуға түскен. Осы оқу орнын аяқтаған соң Жанкелдин ауданына барып, аудандық прокуратурада кеңсе маманы қызметін атқарды. 2006-2009 жылдар аралығында Қостанай қаласындағы Әлеуметтік-техникалық Университетке оқуға түсіп, жоғары заңгер маандығын алып шықты. 2010 жылдың сәуір айынан бастап қазіргі уақытқа дейін аудандық төтенше жағдайлар бөлімінде аға инженер қызметін абыроймен атқарып келеді. Айгүл жұмыс



істей жүріп Қайрат Таупиықұлы Файзуллин деген амангелділік азаматпен тұрмыс құрған. Қазір Елхан және Әмірхан атты ұлдары бар. Елхан 2012 жылы, \ ал Әмірхан 2013 жылы туған. Екеуі де аудан орталығындағы «Балдырған» балабақшасына барып жүр.

Айгүл - ісіне мығым, табанды, өзінің йждағаттылығының арқасында бәріне үлгіріп отыр. Маман да болды, ана да болды. Қызметінде жақсы атқарып келеді. Ол ауданымыздың бетке ұстайтын майталман маман

қыздарының бірі. Ол туралы аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшылығы жақсы пікірде. Өрт сөндіру саласында қызмет істеу - қыз бала үшін оңай шаруа емес. Бірақ, Айгүл сол қиындыққа төзіп, белсенді жұмыс жасап жүр. Өрт қауіпсіздігі туралы аудандық газет бетінде оның мақалалары жиі жарияланады. Оның мақсаты - ауданда адамдарға орын толмас зиян әкелетін өртті болдырмау. Соның ішінде газетке мақала жазумен қатар бірқатар мектептер мен мекемелерде болып, тұрғындарға, балаларға өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау туралы айтады. Оның бұл әңгімелері аудан тұрғындарының көңілінен шығуда.

Айгүл Боранбайқызы - жас маман, ол қызметте өзін тек қана жақсы жағынан көрсетті. Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында ол 31 жасқа толғалы отыр. Бұл оның орда бұзатын жасы. Айгүлдің болашағынан көп үміт күтуге болады. Барлық жағынан да тиянақты.

Өз тілшіміз.

Суретте: аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, өртке қарсы қызмет капитаны Айгүл Боранбайқызы СЕЙДАХМЕТОВА.

Бәрекелді

МУЗЫКА МЕКТЕБІНІҢ ОҚУШЫЛАРЫ ЖЕҢІМПАЗ БОЛДЫ



Жақында Қостанай қаласында облыстық жас музыканттардың білім сайысы болып өтті. Сайысқа біздің ауданымыздан музыка мектебінің оқушылары қатысып қайтты. Облысымыздың барлық музыка мектептерінің өнерпаздары қатысқан бұл сайыс өте тартысты өтті. Біздің ауданымыздан барған музыка мектебінің (директоры К.Ахметов) оқушылары жоғарғы деңгейде өнер көрсетті. Нәтижесінде қобыз аспабы бойынша Аружан Мұратова, Мереке Ағыбаева 3-ші орындарды (жетекшілері С.Шәйкемелова, М.Айдарова) иеленді. Прима аспабы бойынша Жансырым Әліпбекова 3-ші орынды (жетекшісі Н.Төлегенова) иеленсе, домбыра аспабы бойынша 2-ші жүлдеді орынды Асқар Әлімжан (жетекшісі А.Нұрманбетова), 3-ші орынды Ақерке Сәлімжан (жетекшісі С.Қаржауова) жеңіп алды. Оқушылар ансамблі сайысынан біздің ауданның оқушылары озық шығып, жүлделі 3-ші орынды (жетекшісі М.Әлім) иеленіп қайтты.

- Бұл сайыста біздің оқушыларымыз жақсы өнер көрсетті. Жыл бойы дайындалдық. Алайда, аязды күндері сабақ болмады. Соның әсері көп болды. Бірақ, барлық номинация бойынша жүлделі орындарға ие болдық. Бұл музыка мектебінің көптен бері жеткізген жетістігі болып отыр. Балалар жарады. Ұстаздардың еңбегі де жанды. Сайыс 40-шы рет өткізіліп отыр. Калалар бойынша Қостанай, Арқалық, Рудный, Лисаков, Жітіқара, аудандар бойынша Амангелді, Жангелді, Әулиекөл, Сарыкөл, Қостанай, Федоров, Қарабалық аудандарының музыка мектептерінің оқушылары қатысты. Оркестр мен ансамбльді қоспағанда, қазақ аспаптары номинациясы бойынша 46 өнерпаз оқушылар өзара бақ сынасты, және біздің оқушыларымыз биіктен көріне білді. Бұл жетістікпен шектеліп қалмай келесі жылы 1-ші орындарды алуға дайындық жасай береміз. Біздің ауданда талантты балаларымыз көп, ұстаздардың да біліктілігі жоғары, - дейді музыка мектебінің директоры К.Ахметов.

Г.МАМАНҚОЖА.

Суретте: жас өнерпаздар.

Спорт саңлақтары

ЖАРАЙСЫҢДАР, ЖҮЛДЕГЕРЛЕР!



Амангелді ауданының білім беру бөлімінің әдіскері Қарқымбаев Нұрлан Максимұлының ұйымдастыруымен салауатты өмір салтына тәрбиелеу, ауданда спорт түрін насихаттау мақсатында өткізілген мектеп мұғалімдерінің 1-ші аудандық спартакиадасында баскетболдан қыздар арасында командалық ойындары өтті.

Аталмыш бұл баскетбол ойындарына аудан мектептерімен қатар ауылдық округтер спортшылары да бақ сынасты. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» - деп дана бабамыз айтқандай, баскетбол ойындарында Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектептің қыздар құрамасы 1-ші орынды иеленді. Бірлігі мол ұйымшыл бұл ұжымның қыздары соңғы жылдары ылғи да алда болып, баскетбол, волейбол ойындарында жүлделі 1-ші орынды иеленіп келеді. Сонымен қатар Амангелді ауданы әкімдігінің дене тәрбие және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен мекемелері арасында өткен спорт ойындарының қысқы спартакиадасында шаңғы түрінен өткізілген эстафеталық жарыста 1-ші орынды мектепте дене шынықтыру пәні мұғалімі Абилдина Ақмарал жеңіп алды.

Данияр СӘРСЕНБЕТОВ.

Суретте: Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің қыздар командасы.

110200. Меншік иесі: «Амангелді арайы» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Газет ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2014 жылдың 17 сәуірінде қайта тіркеуден өткізіліп, №14308-Г куәлігі берілді. Газет «Қостанай - полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Жарнама мен хабарландырудың, құттықтаудың мәтініне редакция жауап бермейді. Газетте жарияланған автор пікіріне редакция көзқарасын білдірмейді. Компьютерлік 3 беттен асатын

материалдар қабылданбайды. Мақалалар компьютерде теріліп редакцияға электронды вариантта жеткізілуі тиіс. Түсініксіз қолжазбалар қабылданбайды. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табақ. Таралымы - 1970 дана. Тапсырыс - 436

Мекен-жайымыз: Амангелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2-қабат, Телефондар: (8 714-40) 2-38-10. 2-10-57.